

Департамент «Бала еңбегін қанауға қарсы 12 күн» Ұлттық Ақпараттық Науқанын өткізу қарсаңында СҚО бақылау және халыққа әлеуметтік көмек беру департаментімен бірлескен іс-шаралар жоспары әзірленді. Жоспар облыс әкімінің орынбасарымен бекітілді. Мемлекеттік органдарға, әкімдіктерге, МЕҰ, БАҚ, арнайы серіктестік қатынасу хаттары жіберілді. Қалалық, аудандық білім мекемелеріне жазғы сауығу лагерлерінде, мектеп алаңдарында ҰАН өткізу қажеттілігі жөнінде хат әзірленді. Барлық облыстық, аудандық газеттерде ҰАН өткізу туралы мақалалар жарық көрді.

Ағымдағы жылғы 20 мамырда Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің ұйымдастырған видеоконференцияға қатысты. Кездесу тақырыбы – Қазақстанда балалар еңбегін пайдалануда ең нашар түрлерін жою мәселелері қарастырылды.

Ағымдағы жылғы 20 мамырда Солтүстік Қазақстан облысы Балалардың құқықтарын қорғау департаментінің жұмыс жоспарына сәйкес және балалар еңбегіне қарсы дүниежүзілік күніне арналған «Бала еңбегін қанауға қарсы 12 күн» Ұлттық Ақпараттық Науқан шеңберінде «Кәмелетке толмағандардың еңбек құқықтары» тақырыбында интернет-конференция өткізілді. Интернет-конференцияның мақсаты – еңбек саласына байланысты кәмелетке толмағандардың мүдделері мен құқықтары мәселелерін түсіндіру. Оқушылар, ата-аналар, педагогтарды жеке және еңбек құқықтары орындалуы, еңбек жағдайы, еңбек қызметінің құқықтық қамтамасыздандыру және т.б. Интернет-конференцияға барлығы 42 сұрақ түсті, бәріне жауап берілді;

Халықаралық балаларды қорғау күні қарсаңында департамент қызметкерлері, еріктілер тобының қатысуымен, облыс орталығының басты көшесінде үндеу қағаздары таратылды, онда ҰАН өткізілуі туралы, департаменттің және балалардың қоғамдық қабылдау бөлмесінің «сенім телефондары» қызметі жөнінде айтылған. Барлығы 500 үндеу қағазы таратылды.

Ағымдағы жылы 6 маусымда Балалардың құқықтарын қорғау Департаментінің қызметкерлері, СҚО кәсіподақ Кеңесінің семинар - кеңесіне қатысты. Семинарға аудандық кәсіподақ төрағалары, Бақылау және әлеуметтік қорғау департаментінің өкілдері шақырылды. Қатысушылар Ұлттық Ақпараттық Науқанның міндеттер мен мақсаттармен таныстырылды, 18 жасқа толмаған жұмысшыларды реттеу ерекшіліктерінің мәселелері қаралды.

ҰАН өткізу шеңберінде департамент қызметкерлері, еріктілер тобының қатысуымен, облыс орталығының көшелерінде, тұрғындармен балалар еңбегін пайдалануға қарсы үлкендердің көз-қарасы сауалнамасын өткізді. Барлығы 200 ересек қатысты. Сауалнама қорытындысы бойынша 86% респондентке «бала еңбегі» ұғымына түсініктері бар, 52% ересектер кәмелетке толмағандардың жұмыс істеуіне қарсы, 42% балалар жұмыс істеуіне қарсы емес, 6% жауап беруге қиналады. Сауалнамаға қатысушылар кәмелетке толмағандар көбіне сауда саласында (23% - базарда, 8 %

дүкендерде) және дәмханаларда (31%) даяшы, жүк тасушы, машин жуушы (8%) істейтіндерін атап отыр. Сонымен қатар құрылыста, қаланы жасылдандыру саласында, жеке меншікте, ауыл шаруашылықта және т.б.

«Бала еңбегін жоюға қандай шара қолдануға болады деген сұраққа? мынадай жауап берілді. Жұмыс берушілерге, заңды бұзғаны үшін, жазаны қаталдандыру – 26%, әке-шешелерінің бақылауын күшейту – 23%, балалармен және ата-аналармен құқықтық алдын алу жұмыстарын жүргізу – 18%, және де жұмыс орындарын ересектерге ашу, жалақы, студенттер стипендияларын көтеру, құқықтық жауапкершілікке бала еңбегін пайдаланғандарды тарту, ішкі істер, басқа да мүдделі органдардың бақылауын күшейту, отбасындағы бала тәрбиесі т.б.

Науқан шеңберінде интернаттық мекемелердің тәрбиеленушілері арасында «Детский труд и наихудшие формы детского труда: реальные истории» сурет байқауы және «Эксплуатация детского труда» тақырыбында шығарма байқауы жарияланды. бұл іс-шараға 10 мекеме қатысты.

Солтүстік Қазақстан облысы Балалардың құқықтарын қорғау департаменті ағымдағы жылдың 14 маусымда СҚО ІШД, әлеуметтік қорғау және бақылау бойынша департаменті, СҚО Солтүстік Қазақстан облысының Прокуратурасының өкілдері қатысуымен бұқаралық ақпарат құралдарына «Бала еңбегіне қарсы 12 күн күрес» Ұлттық ақпараттық науқан өткізу қорытындылары бойынша пресс-конференция өткізілді. Департаменттің бөлім бастығы ҰАН шеңберінде өткізілген жұмыс туралы журналисттерді ақпараттандырды, Бақылау және әлеуметтік қорғау бойынша департаментінің өкілімен ҚР еңбек заңнамасы бойынша, кәмелетке толмағандардың еңбегіне қатысты түсініктемелер берілді. Прокуратура қызметкерлері кәмелетке толмағандардың еңбегін қолдану бойынша тексерістердің қорытындыларын атап өтті. Қатысушылар қойылған сұрақтарға жауап берді.

ҰАН шеңберінде барлық облыс аудандарында іс-шаралар ұйымдастырылды. Мысалы: Ақжар ауданының сауығу алаңдарында «Бала еңбегі- қатал шындық» тақырыпта плакаттар байқауы, мұғалімдер арасында «Бала еңбегін пайдалану» тақырыбында семинар. Жамбыл ауданында ата-аналар жиналысында кәмелетке толмағандардың еңбек құқығы аспектілері түсіндірілді. Сауығу лагерінде «Әдебиет кейіпкерлерінің құқықтары» көлемді іс-шара ұйымдастырылды. Қызылжар ауданының білім бөлімінде «Бала және еңбек» тақырыбында «дөңгелек үстел» отырысы мұғалімдер арасында өткізілді, онда мұғалімдер оқушылардың еңбек тәрбиесін талқылады. Барлығы облыста 1074 рейдтік іс-шара ұйымдастырылды, оған 1164 адам қатысты. Облыс өңірінде бала еңбегін пайдалану фактілері анықталған жоқ.